



Евразиян Фудс АҚ-ның сапа және тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйесі саласындағы Саясаты

Евразиян Фудс акционерлік қоғамы Қазақстан мен Орталық Азиядағы май өнімдерін шығаратын ірі өндіруші болып табылады

Қоғамның және тұтынушыларымыздың алдындағы жауапкершілігімізді түсіне отырып, сондай-ақ Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін біз барлық өнімдеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және сапасын көтеруді стратегиялық мақсатымыз деп санаймыз.

Осы мақсатқа жету үшін Евразиян Фудс АҚ басшылығы өзіне келесі міндеттемелерді алады:

- тамақ өнімдері қауіпсіздігі мен сапасы мәселелері бойынша барлық мүдделі тараптармен тұрақты **ішкі және сыртқы байланыстарды** қамтамасыз ету;
- Евразиян Фудс АҚ қызметіне қолданылатын **тамақ өнімдері қауіпсіздігінің барлық талаптарының сақталуын** қамтамасыз ету, соның ішінде:
 - Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік талаптары;
 - ерікті орындау үшін қабылданған талаптар;
 - тапсырыс берушілермен және тұтынушылармен өзара келісілген талаптар;
- Евразиян Фудс АҚ қызметкерлерінің апат кезінде әрекет ету бойынша нұсқамалар, оқыту және жаттығулар өткізу арқылы барлық деңгейдегі тамақ өнімдері қауіпсіздігі мәселелері бойынша **құзыреттілігі мен хабардарлығын** арттыру бойынша тұрақты жұмысты жүзеге асыру;
- жақсарту мүмкіндіктерін анықтауда **басшылардың көшбасшылығы мен қызметкерлердің қатысуын** қолдау және дамыту;
- сапасы және тамақ өнімдері қауіпсіздігі саласында мақсаттарды белгілеу кезінде **тәуекелдерді**, тамақ өнімдерінің қауіптері мен мүмкіндіктерді басқаруды қамтамасыз ету және оларды ескеру;
- тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша персоналдың міндеттері мен жауапкершілігін нақты бөлуді ұйымдастыру;
- басқару және өндірістік процестерді дамыту және жетілдіру, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің **тиімділігін арттыру**;
- сапасы және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесін **қолдау және үздіксіз жетілдіру** үшін қажетті ресурстарды бөлу, оның ішінде тұрақты жоғары сападағы қауіпсіз өнімдерді өндіру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- ұйымда және бүкіл жеткізу тізбегінде **азық-түліктің жоғалуы мен қалдықтарын** азайту үшін тұрақты әрекеттерді орындау;
- осы Саясаттың кезеңді түрде **жаңартылып**, барлық мүдделі тараптарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету.

Басқарма төрағасы
Евразиян Фудс АҚ



Енгізу күні: 22 қаңтар 2024ж